



Тобагабылова А.Ж.,
Елжанов Д.

ХОРДЫ ДИРИЖЕРЛЕУ ПӘННІНІЦ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ҮЙРЕТУДІҢ ҚЫРЫ МЕН СЫРЫ

*В статье рассматриваются
особенности исследования
теоретического аспекта дисциплины
хорового дирижирования.*

*The article shows the peculiarities of
studying theoretical aspect of discipline of
choral conduction.*

Музыка мұғалімдерін даярлау саласында музыкалық білім беру мамандығы бойынша оқытылатын пәндердің бірі - дирижерлеу пәні. Оның мақсаты - болашақ мамандарға дирижерлеу техникасын менгерту, мектеп қабырғасында окушылар хорын ұйымдастыра білуге баулу.

Дирижерлеу пәннің көрсеткіші? Оның болашақ жұмыс істегендегі қажеті жок екен деген қате пікір айтылып жүр. Бұл теріс ой, себебі музыка пәннің мұғалімі мектепке барғанда көптеген сабактан тыс жұмыстарды атқаруына тұра келеді, хор үйрмесі, түрлі мерекелік іс-шара-лардын бәріне музыкант мұғалім араласып, басы - қасында болады. Көркемнәрпаздар байқауына дайындау вокалды топ, хор ұжымын ұйымдастыру кездерінде дирижерлік ету ете қажет.

Сонымен, "Дирижерлеу" қандай пән және неге үйретеді?

Дирижерлеу пәні күрделі де жан-жақты процесті қамтиды. Дирижер - хорды басқарушы, яғни музыкалық шығарманы дұрыс орындаудың шығатын үйрме жетекшісі. Ол өзінін қол қимылы, бет пішіні арқылы, орындаушыға әсер етіп, сол арқылы шығарманың дұрыс орындалуын реттеп жүргізіп тұрады [1].

Хор жетекшісі орындаушыларға батыл тік карап, бет - пішіні ашиқ мимикалық қозғалыс-тарды шығарманың мазмұнына сай (мысалы: каспен, көзбен, иек, баспен көрсету) пайдаланып колдана білуі керек. Колданың қимыл - қозғалыстары біркелкі тез, бірақ, аса қатты құлашталмай үнемді дәл және нақты болуы талап етіледі. Дирижер орындалатын музыка шығармасының партитура-сын жатқа біліп, бір дауысты екі, уш, төрт дауысты хорды баскарғанда оның, әр дауысын жақсы естіп, қате дыбыстарды түзеп, оларды жеке орынданап көрсете білуі керек. Оның ерні дикциялық (мұқам) жағынан жаттықкан, ешбір дыбыссыз сөйлей алғын қалыпта дағыланған, есітіу сезімі жақсы жетілген, дамыған дәрежеде болуы ете манызды.

Дирижер үш процестін (музыкалық шығарманың композиторы, орындаушылар және тындаушы - көрермен) арасындағы шығармашылық байланыстың ашылуына ықпал ететін және оны игеретін басты тұлға. Композитор шығар-масын өнене бойынан еткізе отырып, ол шығарманың идеялық - көркемдік мазмұнын орындаушы ұжым-та жеткізіп, орындаушылардан компози-тордың жеткізім деген ойын тындауши аудиторияға өз дәрежесінде жеткізуін талап етеді [1].

Дирижерді актер, әрі орындалған шығарманың режиссері деп айтуда болады, себебі ол шығарманың мазмұнын ашуда неше түрлі әдістерді колдана отырып, көркем образды жасап шығарады.



Дирижердің (орындастын шығарманы хорға үйретпес бұрын өзі танып-біліп) композитор ойын іштей сезінуі сол музика туралы өз ой - толғауынын пайда болуына әсер етеді. Композитор музыканы жазу кезінде не ойлады, нені сезді? - деген сұрақтарға жауап берे отырып, шығарманы рухани қабылдауы керек. Сондықтан, дирижерлеуге үйрену, музыканы іштей есіте білу қабілетін жетілдірумен бірге, соған өз ойын ұштастыра білуді көздейді. Дирижердің тікелей негізгі жұмыс істейтін аспабы - оның алдындағы орындаушылар ұжымы болып табылады. Сондықтан, оған ерекше талап койылған.

Дирижерлік өнер — өзіне тән кәсіптік көркемдеуші құрадарымен (дирижерлік қол қимылы, музика мазмұнына сай мимикалық қозғалыстар жасау және түсіндірмелі сөздер арқылы), орындаушы ұжыммен бірге шығармашылық жұмыстың пайда болуын қамтуымен және образды суреттеуді көркемдікпен жеткізу нәтижелермен ерекшеленеді. Бұл жұмыстар үнемі жүйелі түрде дирижер мен хор ұжымы арасындағы үзліссіз байланыста дамып жетіледі.

Хор жетекшісінің кәсіптік жұмысы екі кезеңді қамтиды: а) өзіндік дайындалу және хор партитурасымен дайындық жұмыстары; ә) концертке шыгу.

Дайындық жұмыстарына мынадай уш кезең кіреді: 1) орындалатын музикалық образды жасауда істелетін жұмыстың сипаттама - конспектін жасау; 2) образды жасауда дирижерлік қол қимылын іріктеу және оны дауыспен, музикалық аспаптың сүйемелдеуімен, қол қимылдарымен техникалық жасағынан жетілдіру; 3) дайындық кезіндегі жұмыстарды қосып біріктіру.

Концертке шығудың мақсаты: Алдағы істелген жұмыстарды сақна деңгейіне сай жүзеге асыру және музика мазмұнын тындаушыларға жеткізу. Дирижер хор орындаушыларының алдында түрган түрлі мәселелерді шешеді, ұжымдық орындауды игереді.

Дирижерге қойылатын талаптар: музикалық шығарманың нота текстін іштей есітіп, көзбен не дауыспен, немесе аспаппен бірге әндете білуі керек; шығарманың құрылышы, стилі, жанры, композиторы туралы мағлұматты болуы; музиканың көркемдік құралдары: екпін, саз, ырғак, тембр, интонация, әуен, үйлесім, өлшем, фактурасының музикалық шығарма мазмұнын жасаудағы ерекшеліктерін талдай білуі; аспапта хор партитурасын сауатты ойнай алуы; дирижерлік техника негіздерін игере білуі (ауфтакт, дыбысты жиыру, тактілей білу дағдысы т.б.); дыбыс жүргізу негіздерінің және шығарманың көркемдік мәнін ашуадағы түрлі әдістерін игеруі; кульминация кезеңіндегі дыбысты жасау, шығару жолдарын білуі; дирижерлік психомоторика: шапшаңдық, жүйріктік, білесік және саусақ буындарының майда нақты, қысқа қозғалыстарын игеруі; камертон аспабын пайдалануы; хор ұжымына вокалды-хор жасаттыгуларын жасасатын, дауыстарын жасаттықтыра білуі; қате орындалған дыбыстарды талдан, дұрыс орындау жолдарын таба білуі; дыбыс тазалығын талап ету және оны тегістей білу жолдарын игеруі; дирижерлік аппарат қойылымының негізгі принциптерін білуі керек [2].

Сахнаға шығар алдындағы дирижерге ете қажетті ерекше қасиеттер: концерт алдында өзін-өзі дайындауды; көрермен толы залдық акустикалық ерекшелігін ескере отырып, орындаушыларды және тыңдаушылардың орындаушыларға деген қатынасын реттейу; психологиялық жасағынан кез келген тосын жасадайга дайын болу; концерттің өтуін ойша елестету; концерт кезінде өзін төзімділікпен үстай білу, эмоциялы сезіммен беріле орындауды көрсету.

Дирижер, болашақ үлкен орындаушылар ұжымының жетекшісі ретінде, ұйымдастырушылық жұмыстардың әрбір элементін теренінен ойластыруы керек.

Дирижерлік аппаратқа не жатады?

Дирижерлік аппарат қол, бас (бет және кез) дene (кеуде мен иық), аяқ бөлімдерін құрайды. Қойылым аппаратты оның табигатына және белгілі бір эстетикалық талапқа сай сауатты түрде игере білуді қамтиды, бас, кеуде, аяқтың дұрыс қалыпта құрылуынан тұрады.

Хор жетекшісінің дұрыс тұру қалпы: тік тұзу тұру, иық кен ашылған, кеуде көтерінкі, денені қыспай, бос, еркін, бірақ жинақы ұстau керек. Иықты ете жоғары көтеруге болмайды, ол арқа еттерінін катаюына және иықтың шығып кетуіне, сонымен бірге, дene бітімінін еріксіз, ынғайсыз қалыпқа келіп тусуіне әкеліп соғады.

Дирижер хорды басқарып түрганда денесі жан-жаққа шайқалып, бұлғаңдамауы керек. Бұкіл сыртқы болмысы эстетикалық жағынан көркем болуы тиіс.

Кол қойылымы. Кол – дирижерлік аппараттың негізгі және ете маңызды бөлімі. Кол иық, білек және білесік буынан құралады. Дирижерлеу кезінде білесік буыны үлкен маңызды рөл атқарады. Ол қолдың еріксіз үнемі қозғалыста болатын бөлімі. Ал, иық пен білек, білесік буыннымен белгілі бір байланыста болып, білесік буынның қимылы қажет еткен жағдайда көмекші ретінде қозғалыста болады. Қолдың бұл бөлімдерінің қозғалысының бір-бірімен тығыз байланыстылығы соншалықты, білесік



буынының өте ұсақ қымылдарында (мысалы, женіл стаккато мен пианиссимо кезінде) иық пен білек буындарының қатысы өте қажет. Білезік буынының қойылымы дирижерлеу кезіндегі алақанның тәмен қараған қалпы болып есептеледі. Бұл жағдайда ол салбыраған, қатып калған, не тәмен немесе артық көтерінкі деңгейде болмауы керек. Үнемі алға бағытталған қалыпта болуы тиіс.

Білезік буынының, бос серпінді, еркін қозғалысы - оның нақтылығымен, жинақтылығымен байланыса отырып, әртүрлі қымылдарды жылдам орындауға және дирижерлеу кезінде дыбыс жүргізудін ен нәзік көркемдеуші әдіс-тәсілдерін жан-жақты көрсете білу мүмкіндігіне жол ашады. Дирижерлеуге үйретудін алғашқы сатысында білезік буынының қойылымымен, буынды еркін созылмалы, серпінді қозғалыста жаттықтыру арқылы арнайы жұмыс атқару керек. Дыбысты сұқ саусақ пен ортанғы саусақ жүргізеді, қалған саусактар бір-бірінен өзара қашықтықта жұмырланған орналасады. Қолдың қойылымын қатты заттың үстінде (үстелде) қоюдан бастаған жөн. Екі қол үстелге иықтың тұсында қатар қойлады. Шынтақ қолдың астына кетеді де, үстелде толық жатады, табиғи бүгісі сақталып, білек түзу, білезік буындан бастап, қолдың басы (саусактар) жұмыр зат ұстап тұрғандай, жинақы, домалақ қалыпта болады. Бұл иық, шынтақ, білек, білезік буындарының қойылымы, яғни дирижерлік аппараттың негізі. Дирижерлік аппараттың қойылымын қол, иық, мойын, бас буындарын босатудан бастаған жөн. Ол үшін қолды, иықты босатудын түрлі жаттығуларын қолдану керек.

Ондай жаттығулар түрін екіге бөлеміз: *серпінді-созылмалы гимнастикалық жаттығулар; метроритмикалық жаттығулар*.

Серпінді-созылмалы гимнастикалық жаттығулар қол мен иық тұсындағы буындардың шамадан тыс қатаюын босатуға бағытталады.

Метроритмикалық жаттығулар екі қолдың әртүрлі координациялық қымылдарымен метр мен ырғактық сезімдерін жетілдіре отырып, дәл, нақты жылдам қозғалыстарды игеруге бағытталады. Бұл жаттығуларды бастапқыда ұжыммен жүргізу ұсынылады. Алғашқы кезде міндettі түрде оқытушының бақылауымен, үде, өз бетінше, айна алдында немесе бас пен жауырынды кабырғаға сүйеп тұру арқылы орындау қажет. Жаттығуларды сол қолдан бастаған жөн, себебі он қол сол қолға қарағанда жақсы жетілген. Олардың ұзақтығы 8-12 минуттан аспау керек. Жаттығу жасау кезінде көзben кабылдағаннан гөрі, буындардың еркін қозғалысын іштей сезіну өте маңызды және жұмыс қызу түрде сезіммен жүргізілуі тиіс [3].

Жаттығу түрлері "Дирижерлік аппаратты қоюда, қолдың кемшиліктерін жөндеуге көмектесетін жаттығулар" белімінде беріледі. Қатты заттың үстінде түрлі қолды босату жаттығуларын жасап жаттықкан сон, қолды ауада қоюға болады. Ауада қолдың қойылымы кеуде тұсында, екі иық деңгейінде қойлады.

Кол қойылымының негізгі принциптері: қозғалыстың еркіндігі; қозғалыстың нақтылығы, дәлдігі; қол қымылы қозғалысының үнемділігі.

Бастың қалты. Дирижер иекті сәл көтерінкі деңгейде, көзben хорға қарағ, бәрін көре алатын ынғайлы жағдайды таңдап, басты түзу, қыспай, еркін бұра алатын қалыпта ұстасуы керек. Хорды игеруде мимика үлкен рөл атқарады, көркемдік образды жасауға көмектеседі. Сондықтан, дирижердін мимикалық бет-пішіні дамыған болуы тиіс.

Дирижерлік аппараттың дұрыс қойылуы және түрлі жаттығулар қолдың біртұтас серпінді, созылмалы қозғалысын, буындардың еркіндігін, бір-бірімен байланыстылығын жетілдіруді көздейді.

Жоғары оку орындарындағы музыкалық білім мамандығы шенберінде дирижерлеу пәні оқытылады. Оның мақсаты – болашақ мамандардың дирижерлеу техникасын қалыптастырып, мектепте оқушылар хорын менгеруге баулу. Педагогикалық мақсатта хор дирижерін даярлау ісінін өзіндік ерекшеліктері бар. Олар – кәсіби хор дирижерлары емес, көбіне мектеп мұғалімдерін даярлайтын мамандар. Сол себепті музыкалық репертуар таңдау ісінде, жалпы хор дирижерінін түрлі техникалық шеберліктерін қалыптастыруды кәсіби дирижерлардан өзгешелуе бағыт ұстанады. Бірақ осы пәнді үйретуге келгенде толып жатқан қызыншылықтар туа береді.

Біріншіден, жоғары оку орындарының музыка-педагогика факультеттерінде түсестін болашақ мамандардың арнайы музыкалық даярлығы бола бермейтіні шындық. Осының өзі бұл пәнге арнайы уақыт бөліп, студенттерді үнемі баулуға міндеттейді.

Екіншіден, дирижер болу үшін адамға табиғи талант та қажет. Кез келген студенттен дирижер жасаймын деген ниеттін кемшил тұстары да аз болмайды. Музыкалық, ырғақ, есіту қабілеті нашар студенттерден, мениң пікірімше, ешқашан жақсы дирижер шықпайды. Себебі дирижер – музыкалық шығарманың ырғактық желісін алып жүретін маман. Ол тиісті өлшемдер арқылы шығарма



жылдамдығын анықтап, хорды жетелеп отырады. Екінші жағынан, хор ұжымының музикалық партияларын таза, дәл айтып түрғанын тыңдау қабілеті арқылап отырады. Егер болашақ маманың тыңдау қабілеті нашар болса, ол хордың таза әрі дәл айтып түрғанын анықтай алмайды. Сөйтіп, тектің өшімін қолмен көрсетумен ғана шектеледі. Дирижер үшін бұл зор кемістік.

Жасыратыны жоқ, егемендік алғалы хор өнеріне деген ықылас тәмендең барады. Ауылдық жерлерде хордан гөрі халық аспаптар оркестрін ұйымдастыру басым болып келеді. Осындай жағдайда хор өнерін сақтап қалу үшін, оған деген қалың тыңдаушы қауымның ықыласын қайта ояту үшін шын мәніндегі дирижерлік жұмыс керек. Хор ұжымы шығарманы таза, эсем орындағанда ғана тыңдармандарға игі әсер ете алмақ.

Рас, бұл тұста басты мәселе музикалық репертуар таңдауға келіп тіреледі. Талғамсыз, асығыс алына салған шығарма көпшілікті қызықтырмауы мүмкін. Сондықтан орындалатын шығарманың барынша көркем, тыңдаушыға эстетикалық әсер ететіндегі қуаты болғаны жөн. Екіншіден, шығарма оны орындастын хор ұжымына лайықталып қайта өндөлуі шарт. Бұл кезде шығарманың барынша көркем әрі ынғайлы орындалуы назарда ұсталады. Осыдан соң барып өзге көркемдік талаптарға көшуге болады.

Хор дирижерінің тағы бір ерекшелігі – музикалық аспаппен емес, адам дауыстарымен жұмыс жасауы. Сондықтан шығарманы орындаламас бұрын, хор мүшелерінің даусын қалпына келтіріп алуы керек. Осы бағытта түрлі жаттығулар жасалып, студенттердің даусыс аппараттары қалпына келтіріледі.

Хор шығармасының міндетті түрде көп дауысты болуы шарт емес. Алғашқы кезде бірер дауыс та жетеді. Бірақ сонын өзі барынша көркем, үлкен талғаммен жасалуы шарт. Екі дауысты әуеннін өзі де тыңдаушыға терен әсер ете алады. Барлық мәселе оның көркем жасалуында.

Жалпы хор дегеніміз не? Реті келген соң бул мәселеге де тоқтала кетелік. Біз әдетте хор деп көп адамның бір мезгілде ән салуын айтамыз. Осы дұрыс па? Әрине, жоқ. Хор дегеніміз унисондық түрде ән салу емес, көп дауыстардың бір-бірімен өріле отырып үндесуі. Яғни, хор дегеніміз - ән салудың көп дауысты жүйесі, әнді көркемдеп айтудың құралы. Келешекте осыны мықтап ескергеніміз жөн. Сонда барып хорға деген көзқарас та өзгере бермек.

Демек, болашақ хор дирижерін даярлау жұмысының шарттары әр алуан болып шығады. Ондай мамандар музика колледжі, консерватория және музикалық-педагогикалық факультеттер жанында дайындалады. Бірақ әр саланың талаптары әр алуан. Бізде, көбіне, мектеп хорымен жұмыс істеу дағдылары игеріліп, осы шенбердегі ерекшеліктер қамтылады. Олар: *хор шығармасын таңдау; хор ұжымының орындау мүмкіндіктерін ескеру; хорга тән белгілерді сақтап отыру; хор ұжымының орындау мүмкіндіктерін пайдалану; хорды көркемдік құралы ретінде пайдалана білу ерекшеліктеріне барып саяды.*

Осының бәрі болашақ хор дирижерін дайындау үстінде ескеріліп, барынша толық жүзеге асқанда барып жақсы мамандар ортасы қалыптаспақ. Оған ұстаздар қауымының қосатын үлесі де мол. Алғашқы сатыда бүкіл дирижерлік аппаратты дұрыс қою қажет, сосын дирижерлеу техникасын жетілдіруге көшуге болады.

Әдебиеттер:

1. Анисимов Л. Дирижер-хормейстер. - Л., 1976.
2. Егоров А. Теория и практика работы с хором. - Л., 1980.
3. Соколов В. Работа с хором. - М., 1959.